

**«6D050400- Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған
Тілепберген Ақмөлдір Мақсатқызының
«XIX ғасырдың екінші жартысындағы Батыс Еуропа публицистерінің
шығармашылығындағы қазақ тақырыбы» атты
диссертациялық жұмысына**

АННОТАЦИЯ

Зерттеу жұмысының өзектілігі. XIX ғасыр – Орталық Азия тарихында, оның ішінде қазақ даласы үшін, геосаяси, әлеуметтік және мәдени өзгерістердің аса қарқынды жүрген кезеңі. Бұл ғасыр Ресей империясының қазақ даласын біртіндеп отарлауымен, сондай-ақ Еуропа елдерінің осы кеңістіктегі мүдделерінің күшеюімен сипатталады. Қазақтар туралы Батыс Еуропа публицистері қалдырған материалдар – тек саяхат жазбалары емес, сонымен қатар Еуропа жұртшылығына арналып жазылған мәдени, этнографиялық және идеологиялық тұрғыда маңызды дереккөздер.

XIX ғасырда қазақ қоғамына қатысты батысеуропалық көзқарастың қалыптасуына түрлі публицистикалық еңбектер, саяхатнама сипатындағы жазбалар, газеттік мақалалар мен суретшілердің графикалық еңбектері елеулі үлес қосты. Бұл жазбаларда қазақ халқының тұрмыс-салты, діни сенімдері, гендерлік қатынастар, географиялық ерекшеліктері, саяси құрылымы және отарлық билікке қарым-қатынасы сипатталған. Алайда, қазіргі ғылыми айналымда бұл деректер жүйелі талданбаған, көбіне орыс дереккөздерімен шектеліп келеді. Сондықтан, Батыс Еуропа публицистерінің қазақ тақырыбын қалай бейнелегенін, қандай идеологиялық негіздермен сипаттағанын және оның отарлық дискурстағы орнын зерттеу – бүгінгі тарихи, мәдени және медиялық зерделеулер үшін өте өзекті.

Қазақ тақырыбының Батыс публицистикасында көріну ерекшеліктері XIX ғасырдың екінші жартысы – Еуропада Орталық Азияға деген қызығушылықтың күрт артқан кезеңі болды. Бұл қызығушылық тек саяси мүдделермен ғана шектелген жоқ, сонымен қатар аймақтың бай тарихи, фольклорлық, этнографиялық және философиялық болмысына деген рухани сұранысты да қамтыды. Қазақ даласы Еуропа елдері үшін беймәлім, таңсық, әрі мифтік кеңістік ретінде қабылданды. Бұл мифтеу процесі Батыс публицистерінің мәтіндерінде айқын көрініс тапты.

Француз, ағылшын, неміс және поляк авторлары қазақтар туралы жазғанда көбіне романтизм элементтеріне жүгінді: олардың табиғатпен үйлесімді өмірі, батырлық эпостары, көшпенді еркіндігі және моральдық тазалығы Еуропалық өркениетке қарама-қарсы қойылды. Бұл тұрғыдан алғанда, Батыс Еуропа публицистикасындағы қазақ бейнесі көбінесе «асыл жабайы» (noble savage) ұғымына жақын сипатқа ие болды. Алайда, бұл бейнелеу тәсілі қазақтардың нақты тарихи жағдайын, әсіресе Ресей отаршылдығы жағдайындағы қайшылықтарын көлегейлеп жіберуі де мүмкін еді.

Мысалы, Жюль Верннің «Михаил Строгов» романында қазақ даласы – тосын табиғаттың, қаһарлы биліктің, шығыс пен батыстың тоғысқан кеңістігі ретінде суреттеледі. Автор Кенесары хан бастаған қазақтардың отарлық билікке қарсы күресін роман желісіне тікелей қоспаса да, «Орта Азиядағы толқулар» деген астармен нақты тарихи оқиғаларға меңзейді. Осы арқылы Верн Еуропа оқырманына қазақ жеріндегі империялық шиеленістерді көркемдік формада ұсынды.

Бронислав Залесскийдің графикалық альбомдары мен күнделіктерінде қазақ тұрмысы, музыкасы, әйелдердің бейнесі, табиғатпен үндестік ерекше нәзіктікпен бейнеленеді. Бұл еңбектер қазіргі қазақтың тарихи жадында этнографиялық және көркем мұра ретінде ерекше маңызға ие. Сонымен қатар, оның суреттерінде қазақ халқының жан әлемі, салт-дәстүрге адалдығы, ұлт ретінде ішкі тұтастығы сезіледі.

Неміс зерттеушісі Адольф Брем мен саяхатшы Отто Финш қазақ табиғатын, жануарлар дүниесін, халықтың мал шаруашылығына негізделген тіршілігін ғылыми жүйелілікпен сипаттады. Алайда, бұл жазбаларда да белгілі бір отаршылдық реңк байқалады: көшпенді өмірді «артта қалған» формасы ретінде көрсетуге бейімделген көзқарас бар. Осылайша, публицистік мәтіндер бір жағынан қазақ қоғамына таңданыспен қараса, екінші жағынан оны «өркениетке жеткізу» қажеттілігі туралы астарлы пікірлер де ұсынды.

Батыс публицистерінің еңбектерінде қазақтардың тұрмысынан бөлек, олардың рухани болмысы, әдебиеті мен фольклоры, батырлар жыры мен салт-дәстүрлері де ерекше орын алған. Әсіресе, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Ер Тарғын» сияқты эпостар еуропалық зерттеушілер үшін көшпенділердің ішкі дүниесін танудың кілтіне айналды. Қазақтардың еркіндік сүйгіштік қасиеті, әділдік пен ар-ұятты ту етуі, отбасылық және қоғамдық жауапкершілікті жоғары қоюы публицистік мәтіндерде ұлттық мінез ретінде сипатталды.

Бұл тұрғыдан келгенде, қазақ тақырыбы Батыс Еуропа публицистикасында этнографиялық ғана емес, философиялық категория ретінде де көрініс тапты. Қазақ өмірі табиғи заңдылықтарға бағынған, адами өлшемдерге негізделген тіршілік формасы ретінде ұсынылды. Бұл бейне арқылы еуропалық авторлар өз қоғамындағы рухани дағдарыс пен индустриалдық өзгерістерге жауап іздеді.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Батыс Еуропа публицистикасы – тек ақпарат жеткізуші құрал ғана емес, сонымен бірге идеологиялық және мәдени түсініктерді қалыптастырушы медиатор рөлін атқарды. Қазақ даласы туралы жарияланған мақалалар, очерктер мен саяхатнамалар тек белгілі бір автордың жеке көзқарасын ғана білдіріп қоймай, сол кездегі Батыс қоғамының Орталық Азияға деген жалпы көзқарасын көрсетеді.

Зерттеу барысында пайдаланылған материалдардың басым бөлігі – Франция, Англия, Германия және Польшада жарық көрген мерзімді басылымдар мен саяхатшылардың жеке күнделіктері. Олардың ішінде Элизе Реклю, Жюль Верн, Бронислав Залесский, Арминий Вамбери, Джордж Кеннан, Адольф Брем, Отто Финш, Томас Аткинсон сынды тұлғалардың

еңбектері ерекше орын алады. Бұл авторлар – өз заманының беделді публицистері мен этнографтары ғана емес, сонымен қатар геосаяси процестерге сараптама жасай алған танымгерлер. Сол себепті олардың қазақ халқы туралы жазбалары бүгінгі ғылым үшін құнды дереккөзі болып табылады.

Мысалы, Джордж Кеннан «Сібір және жер аударылғандар» атты еңбегінде қазақтар жайлы қысқа болса да маңызды сипаттамалар береді. Ол қазақтардың мәдени икемділігін, қонақжайлылығын ерекше атап өтіп, оларды Ресей бодандығына қарамастан ішкі рухын сақтап қалған халық ретінде сипаттайды. Бұл мәліметтер кейінгі этнографиялық, тарихи және антропологиялық зерттеулерге негіз болды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Бұл зерттеудің басты мақсаты – XIX ғасырдағы Батыс Еуропа публицистикасында қазақ халқының қандай бейнеде көрсетілгенін, сол кезеңдегі мәдени-өркениеттік және геосаяси контексте қалайша танылғанын анықтау.

Зерттеу мақсатынан туындайтын нақты міндеттер:

1. Қазақтар туралы жазған негізгі Батыс Еуропа публицистері мен жазушыларын, олардың еңбектерін анықтап, мәтіндік корпус құру;
2. Қазақтардың тұрмысы, табиғатпен байланысы, еркіндікке ұмтылысы мен отарлық қысымға қарсылығы жөніндегі мазмұндарды саралау;
3. Публицистік мәтіндерде кездесетін стереотиптер мен идеологиялық реңктерді анықтау;
4. Қазақ бейнесінің Еуропалық оқырман санасында қандай мақсатта қолданылғанын (экзотизация, романтизация, отарлық легитимация, т.б.) бағамдау;
5. Қазақтардың рухани және заттық мәдениетінің қандай аспектілері Батыс публицистерінің назарында болғанын көрсету.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі. Зерттеу жұмысы мәдениетаралық коммуникация, постколониалдық дискурс теориясы, медиатекст талдауы және салыстырмалы әдебиеттану негізінде жүргізілді. Эдвард Саидтің «Ориентализм» концепциясы, Хом Бхабханың гибридік мәдениет пен мәдени репрезентация теориясы, сондай-ақ М. Фуконың билік пен дискурс арасындағы байланыс жөніндегі тұжырымдары – қазақ бейнесін еуропалық мәтіндерде талдау үшін негіз болды.

Сондай-ақ, батыс публицистикасының жанрлық ерекшеліктері, саяхатнама мен репортаж элементтері, көркем-публицистикалық стильдегі мәтіндердің құрылымы зерттеудің әдіснамалық арқауын құрайды. Сонымен қатар, мәтіндерді тарихи-контекстуалды талдау арқылы авторлық интенциялар мен оқырманға бағытталған идеологиялық сигналдар да сараланды.

Зерттеу нысаны мен пәні. Зерттеу нысанына XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ тақырыбында жазған Батыс Еуропа публицистерінің еңбектері жатады. Атап айтқанда, француз жазушысы Жюль Верннің «Михаил Строгов» романы, ағылшын саяхатшысы Джордж Киннанның очерктері, неміс ғалымдары Отто Финш пен Адольф Бремнің этнографиялық жазбалары,

сондай-ақ поляк суретшісі Бронислав Залесскийдің графикалық туындылары мен күнделіктері зерттеу пәніне кіреді. Зерттеу барысында Батыс публицистерінің қазақтарды сипаттауындағы бірқатар кезеңдер мен көзқарас өзгерістері анықталды. XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақтар Еуропа үшін негізінен «экзотикалық объект» ретінде қабылданса, екінші жартысында олар отарланған халықтың өкілі, тарихи тағдыры күрделі ұлт ретінде көрініс таба бастайды. Бұл әсіресе Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс пен оған байланысты Ресейдің әскери-саяси әрекеттері туралы мәліметтер арқылы көрініс тапты.

Батыс публицистері біртіндеп қазақ даласын – Ресей империясының кеңеюі мен шығыстағы үстемдігін талдаудың алаңына айналдыра бастады. Бұл тұрғыда Батыс елдері Ресейдің экспансиялық саясатын сынау немесе түсіндіру үшін қазақ халқының тағдырын мысал ретінде келтіріп отырды. Осылайша, қазақ тақырыбы геосаяси дискурстың бір бөлшегіне айналды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

- Алғаш рет XIX ғасырдағы Батыс Еуропа публицистерінің қазақ тақырыбын қалай сипаттағаны арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылды;
- Қазақ халқының табиғатпен үндестігі, көшпенді философиясы, әйел бейнесі, отарлық билікке қарым-қатынасы жөнінде қалыптасқан батыстық стереотиптер талданды;
- Жюль Верн, Залесский, Финш, Брем сынды авторлардың еңбектеріндегі қазақ образы салыстырмалы-мәтіндік және идеологиялық талдауға түсті;
- Қазақ халқының мәдени-рухани кодтары Батыс публицистикасы арқылы қалайша интерпретацияланғаны айқындалды.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері мәдениетаралық коммуникация, постколониалдық әдебиеттану, медиа-репрезентация теориясы және этножурналистика салалары үшін теориялық тұрғыдан маңызды. Публицистикалық дискурстағы «басқа» халықты тану формалары мен оның идеологиялық негіздерін көрсету – қазіргі медиа зерттеулер мен ұлттық имидж қалыптастыру мәселелері үшін де көкейтесті.

Практикалық жағынан алғанда, зерттеу нәтижелері журналистика, тарих, әдебиеттану және мәдениеттану мамандықтарына арналған оқу курстарында пайдалануға болады. Сонымен қатар, бұл жұмыс тарихи-публицистикалық мәтіндермен жұмыс істеудің интердисциплинарлық әдістерін игеру ісіне үлес қоса алады.

Қорытындылай келе, Батыс Еуропа публицистері жазбаларындағы қазақ тақырыбы – тек этнографиялық сипаттағы қызығушылық нысаны емес, сонымен қатар империялық дискурс пен отарлық идеологияның бір бөлшегі. Осы мәтіндерде бейнеленген қазақ образы – мәдениетаралық диалог пен қақтығыстың, тану мен өзге етудің күрделі үдерісін көрсетеді. Қазақ халқының табиғатпен үйлесімді өмір сүруі, дәстүрлі құндылықтарға адалдығы, отарлық

езгіге қарсы рухани қарсылығы Батыс публицистері үшін таңғаларлық, кейде экзотикалық, кейде романтикалық сипат алған.

Бұл диссертациялық зерттеу бар ғылыми дәстүрді жалғастырып, дамыта отырып, қазақ халқының батыс публицистикасындағы репрезентациясын кешенді талдауды ұсынып, бірқатар маңызды аспектілерге жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Бұған дейінгі ғылыми әдебиетте көбінесе Ресейлік деректер мен ішкі отарлық дискурсқа сүйенген еңбектер басымдық танытып келсе, бұл жұмыс Батыс дереккөздерін жүйелі талдау арқылы жаңа ғылыми көкжиек ашып отыр.

Сонымен қатар, зерттеу барысында публицистикалық мәтіндердегі стилистикалық ерекшеліктері мен тарихи-мәдени кодтар сарапталып, олардағы ұлттық бейненің қалыптасу тетіктері анықталды. Бұл тәсіл қазіргі заманғы медиазерттеулер, дискурстану, постколониалдық теориялар және тарихи жадыны зерттеу бағыттары үшін де маңызды.

Сондай-ақ, жұмыстағы тұжырымдар қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыруы, тарихи сананы жаңарту және ұлттық бейнені халықаралық деңгейде таныстыру процестерімен де үндес. XIX ғасырдағы Батыс көзқарастары – бүгінгі күнгі ұлттық мәдени дипломатияны қалыптастыруда да тарихи сабақ береді.

Зерттеу нәтижелері XIX ғасырдағы Батыс Еуропа публицистикасының қазақ тақырыбына деген көзқарасының екіұшты әрі күрделі екенін көрсетті. Бір жағынан, бұл еңбектерде қазақ мәдениетіне деген шынайы қызығушылық, этнографиялық дәлдік пен рухани тамсану байқалса, екінші жағынан, отаршылдық көзқарас пен стереотиптік бейнелеу тәсілдері де қатар жүреді. Сондықтан қазақ тақырыбына арналған публицистикалық мәтіндерді талдау барысында тек мазмұндық емес, сонымен қатар идеологиялық және тарихи-философиялық тұрғыларды да ескеру қажет.

